

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Құрметті әріптестер!

2022 жылдың наурыз айының 18-і жұлдызында Алматы қаласында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты, "Маркшейдерлік іс және геодезия" кафедрасы "Сейсмология институты" ЖШС-мен және «Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану институты" ШЖҚ РМК-мен бірлесіп ҚР ҰҒА корр-мүшесі А.Ж. Машановтың 115 жылдығы және ҚР ҰҒА академигі Ж.С. Ержановтың 100 жылдығына арналған "Геоақпараттық цифрлық инженериядағы инновациялық технологиялар" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізетінін хабарлайды.

Конференцияға қатысу үшін ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, докторанттар, магистранттар, студенттер, сондай-ақ қарастырылатын мәселелерге қызығушылық танытқан барлық тұлғалар шақырылады.

Конференцияның мақсаты – инвестициялық және инновациялық қызметтің стратегияларын қалыптастыру бойынша отандық және шетелдік тәжірибені жинақтау; республика дамуының басым бағыттарын іске асыру үшін қажетті ресурстық, кадрлық, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді айқындау; тау-кен металлургия кешенін, геокеңістік технологияларды, сейсмологияны, механиканы және машинатануды дамыту бойынша ұсыныстар қалыптастыру.

Конференция қазақстандық геомеханика мектебінің негізін қалаушы, көрнекті ғалым А.Ж. Машановтың туғанына 115 жыл толуына және ҚазССР ҒА академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Ж.С. Ержановтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізіледі.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Қазақстан Республикасының жоғары техникалық білімінің флагманы, республиканың кәсіби және ғылыми кадрларының ұстаханасы. Біздің түлектер осы салалардың қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты.

Сіздер осы жоспарларды іске асыру және Қазақстанның инженерлік кадрларын даярлауға, елдің мәдени және зияткерлік элитасын құруға бар күш-жігерімен білімдерін жұмсаған адамдардың мерейтойларын жоғары деңгейде өткізу үшін қолдан келгенше көмек көрсетесіздер деп үміттенеміз.

Біз сіздерге ҚазҰТЗУ-мен ынтымақтастық үшін шын жүректен алғысымызды айтамыз және болашақта ол тек нығая түсетініне зор сенімдеміз.

Конференцияда келесі жұмыс тәртібі жоспарлануда:

1. Пленарлық отырыс.
2. Бағыттар бойынша жұмыс.
3. Конференция аясында геокеңістіктік технологиялар саласындағы көрме-презентация жоспарлануда.

Конференция шеңберінде өткізу жоспарлануда:

1. ҚР ҰҒА корр-мүшесі Қазақ КСР - інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері А.Ж. Машановтың 115 жылдығына және ҚР ҰҒА академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Ж.С. Ержановтың 100 жылдығына арналған дөңгелек үстел.

2. Жетекші геодезиялық шетелдік және отандық компаниялардың геодезиялық жабдықтары мен бағдарламалық жасақтамасының мастер-кластары.

Конференция жұмысы келесі бағыттар бойынша өтеді:

1. Пайдалы қазбалар кен орындарын кешенді игеру, жер қойнауын ұтымды пайдалану және жер қойнауын қорғау, тау-кен металлургия кешенін инновациялық дамыту үшін кадрлар даярлау (**секция бойынша жауапты Касымканова Х.М. k.kassymkanova@satbayev.university**);

2. А. Машанов-XX ғасырдағы Әл Фараби (**секция бойынша жауапты Мургабаева А.С. a.murgabayeva@satbayev.university**);

3. Табиғи ресурстарды басқару үшін геокеңістіктік деректерді жинау мен өндеудің серпінді инновациялық технологиялары, өнеркәсіптік және құрылыс объектілерін сүйемелдеу, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін геотехникалық мониторинг жүргізу (**секция бойынша жауапты Орынбасарова Э.О. E.orynbassarova@satbayev.university**);

4. Сейсмологиялық ғылымдардың қазіргі жағдайы (**секция бойынша жауапты Кыргызбаева Г.М. g.kyrgyzbayeva@satbayev.university**);

5. Қазақстандағы механика мен машинатану перспективалары (**секция бойынша жауапты Солтабаева С.Т. s.soltabayeva@satbayev.university**).

Конференция жұмысына қатысуға ниет білдірушілер 2022 жылдың 28 ақпанына дейін Ұйымдастыру комитетіне:

- қосымша нысан бойынша конференцияға қатысуға өтінім;
- төменде келтірілген талаптарға сәйкес ресімделген баяндама(лар) тезистерін жіберулеріңізді сұраймыз;
- конференцияның үздік баяндамалары еңбектер жинағында жарияланады.

Өтетін орны - Алматы қ, Сәтпаев к-сі, 22. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті. <https://satbayev.university/ru>

Өткізу күні мен уақыты- 2022 жылдың 18 наурызы, 9⁰⁰-18⁰⁰ сағ.

Жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын

Өткізу форматы: онлайн, офлайн